

**Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының
Төралқасы отырысының хаттамасы**

Нұр-Сұлтан қ.

2019 жылғы 4 қазан

Төрағалық еткен: Әбіқаев Нұртай Абықайұлы – ҚазҰЖҒА Президенті

Қатысқандар: ҚазҰЖҒА Төралқасының мүшелері және
шақырылғандар (тізім бойынша)

1. Негізгі өнеркәсіп салаларына арналған басым ғылыми-техникалық жобаларды әзірлеу және іске асыру бойынша ҚазҰЖҒА Қарағанды филиалының қызметі мақұлданды.

Филиал жетекшісі М.К. Ибатов өңір кәсіпорындарына ғылыми жобалардың нәтижелерін енгізуде ғалымдарға көмек көрсетсін.

2. ҚазҰЖҒА Шымкент филиалының жұмыс жоспары мен қызметінің жағдайы туралы есеп мақұлданды.

3. 1-қосымшаға сәйкес, ҚР БҒМ Ғылым комитеті мен Ғылым қоры қаржыландыратын ҚазҰЖҒА жобаларын іске асыру жөніндегі есептер мақұлданды.

4. 2-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Пагуош комитетінің Жастар бөлімі туралы ереже бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының индустриялық - инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасының үшінші кезеңін іске асыру іс-шаралар жоспарына енгізу үшін, 2020-2022 жылдарға арналған «Қазақстанның тау-кен металлургия кешенін цифрландыру және ақпараттық-технологиялық дамытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» ғылыми-техникалық бағдарламасы ұсынылсын.

6. 3-қосымшаға сәйкес, ҚазҰЖҒА құрамына сайлауға үміткерлер ұсынылсын.

**Қазақстан Ұлттық
Жаратылыстану ғылымдары
академиясының Президенті**

Н. Әбіқаев

Бас ғалым хатшы

А. Зейнуллин